

# НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ



*Өзекжарғы  
ойлар*

**НҰРСҰЛТАН  
НАЗАРБАЕВ**

*Әзек-жарды  
ойлар*



**Алматы “Мектеп” 2003**

Н 0803010200-003 қос.шеш.-03  
404(05)-2003

© Назарбаев Н Ә , 2003

Көркем безендірілуі

“Мектеп” баспасы” ЖАҚ, 2003

Барлық құқықтары қорғалған

~~Басылымның мүлктік құқықтары~~

“Мектеп” баспасы” ЖАҚ-ына тиесілі

## ЖАСАМПАЗ ЖҮРЕКТІҢ ЖАН СЫРЫ

Кез келген азамат қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Демек, кім де болса, қаласын-қаламасын, тірлік толқынында, атқарар ісінде, ыңғармашылық еңбектерінде, сөйлеген сөзінде, тіпті, мазалаған ойында замана ағысына араласады. Сөйтіп, өз дәуірі туралы пікір түзіп, пайым жасайтыны даусыз. Жұртшылық оның бірін біледі, енді бірін біле бермеуі де заңды құбылыс.

Ал ел басқарған қайраткердің халыққа арнаған қай сөзінің де жөні бөлек. Өйткені ол сөзден саңлақ саясаткердің жүрегін жарып шыққан оқшау ойы, тегеурінді тұжырымы, кең ауқымды көзқарасы “мен мұндалап” тұрады. Оның үстіне, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың “желдің өтінде, елдің бетінде” жүргенін айқын аңғартатын, “қазақтың ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау — менің Президенттік те, перзенттік те парызым” дегенді ант еткендей нық сеніммен айтатын адам екенін ескерсек, ол ойларды саралайтын сынның да салмағы арта түспек.

Сондай-ақ егемен елінің ертеңі үшін түн ұйқысын төрт бөліп жүрген мемлекет басшысының бүкіл дүниедегі өзгерістерге мән беруіне, тікелей араласпаған күннің өзінде алдын ала шаралар белгілеуіне тура келетін тұстар аз болмайды. Олардың бәрі белгілі жағдайларға байланысты ашық айтыла бермегенімен, кемел тұлғаның көкейінде ой орамдары түрінде түзіліп жататын тұстар көп. Міне, сол парасатты пайымдаулар Елбасының жыл сайынғы халыққа Жолдауларында, байыпты баяндамаларында, алқалы жиындар мен келелі кездесулердегі сөйлеген сөздерінде орын алған. Бұл кітапқа сондай өзекжарды ойлар топтастырылып отыр.

Әлбетте, ол ойлар әр жерде, әр түрлі жағдайларға байланысты айтылған. Бірақ олардың қай-қайсысы да халқымыздың өткені, бүгінгі және болашағы туралы жүректен шыққан тың толғаныстарды құрайды. Соған байланысты экономикада, әлеуметтік салада, ғылым мен мәдениетте қандай міндеттер атқаруымыз керек, салт-дәстүрімізді қалай сақтап, дамытқан жөн, тәрбиеде неге сүйену қажет, саясатымызды қай негізде құрған дұрыс, татулық пен бірлікті ту етудің қажеттілігі неде, қорыға келгенде, тәуелсіздікті қайтіп тұғырлы етеміз, қайткенде өркениет өлкесінен лайықты орнымызды аламыз деген сұрақтардың жауабы болатын қанатты қағидалар топтамасы түзілген. Тек оқырман қауымның қабылдауына қолайлы болуы үшін ғана жүйеленін, он екі тарауға бөлінді. Ендеше, елім деп еңіреген ерінің жасампаздыққа толы жан сырын ерін ардақтай алатын елінің де біліп жүруі — нұр үстіне нұр демекпіз.

Бірінші  
тарау

---

*Туған елі -  
тірегім*



*Өзекжарды ойлар*

Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол — тәуелсіз Қазақстан.



Отанды сүйу — өркениеттіліктің бірінші белгісі.



Салтанаты жарасқан қаласы бар, байтағы ұшан-теңіз даласы бар, аруақ қолдаған бабасы бар ел екендігімізді мақтан етейік!



*Туған елім — тірегім*

Отаншылдық рухы бізге ауадай қажет.



Мен үшін — елімді дамыған елдердің сапына тұрғызып, санатына қосудан үлкен мақсат жоқ.



Елі мұратқа жетпей тұрып, ері мұратқа жетуші ме еді? Сондықтан елдіктің қамын ең алдымен ойламай болмайды.





*Өзекжарды ойлар*

Егер біз мемлекет болып тұрғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халықтың руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн.



Тамағыңды тауып жерлік кәсін, одан да тәуір қызмет жолығар. Бірақ ол қара орманың — өскен еліңнің ортасында жүріп ішкен бір жұтым қара суға қайдан татысын?!  

---



*Туған елім — тірегім*

Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса,  
азаматтық намысың болса, қазақтың  
ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-  
көркеюі жолында жан теріңді сығып  
жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі  
өзің екеніңді ұмытпа!



Жырақтағы жұртың жаутаңдап қарап  
отырса, кісінің жаны қайтіп жай табады?!  

---



*Өзекжарды ойлар*

Қазақтың өзіндік ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау — менің Президенттік те, перзенттік те парызым.



...Отандастарымнан бөлек уайымым да жоқ, олардан бөлек қайғым да жоқ. Нені де болса, елмен бірге көремін, елмен бірге төземін, елмен бірге жеңемін.



Мейлі, сен патша не қойшы бол, бәрібір...  
Атамекеніңнен табаның тайса — жетім-сің...

---



*Туған елім — тірегім*

Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашанда қарыздармыз.



Отанға сүйіспеншілік жайында қызыл сөзді тоқтаусыз ұзақ айтуға болады, алайда онымен Отаныңның гүлденуіне ешқандай көмек көрсете алмайсың.



*Өзекжарды ойлар*

Елдік те ерлік сияқты сын сағатта  
танылады.



Бүгінгі таңда ел қамынан басқа қандай  
мүдде болуы мүмкін?

Сондықтан елдің ақыны да, әкімі де  
бір мақсатты көздеуі керек.



*Туган еим — тирегим*

Ел туралы жадағай ойлау да, халықтың тағдырымен ойнау да түбі жақсылыққа апармайды.



Біз — алыс сапарға бел буып, кемемизді тәуекел дариясына түсірген елміз, елес үмітті емес, ерлік пен елдік мұратын кемемиздің тұғырына ту етіп байлаған елміз.



*Өзекжарды оилар*

Өсер елдің баласы арманшыл болса,  
өшер елдің баласы жанжалшыл болады.



Елімізге бойына ата-бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, егеменді елімізге аянбай қызмет ететін, ой-өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты да салауатты азаматтар қажет.



*Туған елім — тірегім*

Ел көшін бастау — маған сын, мені  
қостау — елге сын.



Отбасы — Отанның онағы.



Дауы таусылмайтын елдің жауы да  
таусылмайды.





*Өзекжарды ойлар*

Қашанда, қай істе болсын, ханы мен халқы бір болып, тұтастық құрғанда — мемлекет нығайып, ел ырысы тасады; ал халқы қолдамай, ханы халқын қорғамай, өзімшілдік өктемдік алып, өзара талас-тартысқа түскенде — мемлекет әлсіреп, ел ырысы қашады.



Көп ұлтты ел болуымыз — біздің байлығымыз, мақтанышымыз.



*Туған елім — тірегім*

Бізді біріктіретін жеке бастың қамы емес, бізді ел туралы биік ұғымдар, ортақ мүдделер ғана біріктіре алады.



Ел болу үшін — ұлттық рух, ұлттық қасиет және ұлтқа деген сенім болуы керек.



*Өзекжарды ойлар*

Әлемдік өркениеттің үздік жетістіктерін, басқа халықтардың рухани қазыналарын бойымызға сіңіру қанша маңызды болса да, біздің әрқайсысымыз өзіміздің терең тамырымыз, туған жеріміз туралы есте ұстап, қай елдің азаматтары екенімізге есеп беруіміз қажет.



Елдің тағдыры — өз қолымызда.



Біз — бабалары басының қадірін арттыруды басты мұрат санаған елдің баласымыз.



*Туған елім — тірегім*

Қазақтар талай рет тұтасымен қырылып кетуге шақ қалды. Бірақ өмірге деген құштарлық, азаттық аңсары еңсесі түскен елді қайыра түлетіп, қайтадан тәуекел тұғырына қондырып отырды.



Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, болашағына сенбейінше, біздің жұмысымыз ілгері баспайды.



*Өзекжарды ойлар*

Өзін-өзі қорғай алған елдер ғана өсіп-  
өркендеген.



Елдің бетінде, желдің өтінде жүрген  
адамға сынақ көп.



Қазақ елінің озып, үдеген кезі де, тозып,  
жүдеген кезі де аз емес.



*Туған елім — тірегім*

Мен білгенде, мына дүниенің дидарында — "Жаным — арымның садағасы" деген сөзден артық ұлы сөз жоқ. Соны айтқан — қазақ.



Өз мемлекетіміз үшін мақтаньш сезіміне бөленіп, біртұтас отбасы сезімін сезінуге, қазір бүкіл дүние жүзі білетін Республика Туын, Елтаңбасын, Гимнін ардақтап, құрметтеуге тиіспіз.



*Өзекжарды ойлар*

Әрбір адам бала кезінен "Қазақстан — менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын" деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей болғаны жөн.



Тарихтың бетбұрысты кезеңдерінде мемлекеттің кез келген басшысы біліксіздікке, әсіресе экономикалық және саяси дамудың үлгілерін талдау мәселесіндегі біліксіздікке қатаң қарсы тұруы, бәріне бірдей жаға бермейтін, бірақ өміршең маңызы бар шешімдерді қабылдауы тиіс.



*Туған елім — тірегім*

Кейде адамдарды еркінен тыс қазір барғысы келмейтін, бірақ объективті түрде баруға тиіс жаққа жетелеуге тура келеді.



Қамшының сабындай қысқа ғұмырда халқыңның көшінің басында жүруден, ұлы істеріне тікелей атсалысудан артық қандай мәртебе керек?!





*Өзекжарды олар*

Ары үшін жанын садаға ететін қазақтай қасиетті халықтың, осы елдегі сан түрлі ұлттың баласының басын қосып, басшылығында жүру тұрмақ, қосын тігіп, қосшылығында жүрудің өзі жаныңды тербейтін бақыт емес пе?!

Екінші  
тарау

---

*Туған жерім -  
туңғырым*



*Өзекжарды ойлар*

Жер тағдыры — ел тағдыры.



Жер жақындығы тағдырың мен  
тарихыңды жақындастырмай қоймайды.



Жер абаттанса, ел ауқаттанады.



*Туган жерім — тугырым*

Ауылдың амандығы — елдің амандығы.



Ауыл — қазақтың алтын бесігі.



Астанасына қарап, елін таниды.



*Өзекжарды ойлар*

Қыдыр қонып, құт дарыған киелі қоныс,  
мұбарак мекен — Алматы! Биікке самғап,  
қиырды шарлау, заманнан қалмай  
зымырай заулау — мына біздерге өзің  
берген тәрбие, өзің көрсеткен өнеге, өзің  
тапсырған тарихи аманат!



Алматы — біздің тәуелсіздігіміздің  
алтын бесігі, мемлекеттігіміздің алтын  
дiңгегі.



Астана келбеті — ұлт келбеті.



*Туган жерім — тугырым*

Жаңа астананың қаласы да, адамдардың санасы да жаңа болсын.



Астана — Отанымыздың жүрегі,  
тәуелсіздігіміздің тірегі.



Жаңа Астана — тәуелсіз Қазақстан  
үшін жарқын келешектің нышаны.



*Өзекжарды ойлар*

Тарихымыздың жалғасы, өміршең істеріміздің арнасы бұдан былай да жаңа Астанада жалғасын таба беруі тиіс.



Қазақтың қасиетті жерінің асты да — байлық, үсті де — байлық.



*Туған жерім — тұғырым*

Жерден өтер байлық жоқ: жер болса — ел болады, ел болса — ер болады.



Жаңа Астана — ежелгі қазақ жерінің төрі.





*Өзекжарды ойлар*

Қазақ даласы — Ұлы Түркі елінің  
қара шаңырағы.

Үшінші  
тарау

---

*Туған халқымы -  
тағдырымы*



*Өзекжарды ойлар*

Қазақ халқы — дауылдармен алысып,  
тағдырымен қарысып, өсіп-өркендеп келе  
жатқан байырғы халық.



Мен өз халқымды сүйемін. Оның  
мені бала кезімнен сабыр мен парасатқа  
баулығанын мақтан тұтамын. Басымды  
иемін!



Кез келген халыққа бәрінен бұрын  
асқақ рух керек.



*Туган халқым — тағдырым*

Садағаң кетейін, айналайын халқым!  
Сенің мүддең жолында бойдағы қуат,  
ойдағы нәрдің бәрін сарп етуге бейілмін.



Мен өз халқымның көнбеске көнін,  
шыдамасқа шыдай білетін төзімділігіне  
қайран қаламын. Мәңгіліктің қатыгез  
тасқыны біржолата мүжіп, біржолата үгіп,  
біржолата шайып әкететіндей талай қилы  
кезең тұсында қиналса да, аман қала  
алыпты.



*Өзекжарды ойлар*

Ең бастысы — тату-тәтті ынтымағы жарасқан көп ұлтты халқымыз бар. Ел дегенде, жер дегенде — білегін сыбанып, іске дайын тұрған азаматтарымыз бар. Сан ғасырлар бойы талай теперішті көрседі, жайсаң жанын, әсем әнін, күмбір күйін, әдемі әдет-ғұрпын, таза тілін сақтаған ұлтымыз бар. Міне, біздің басты байлығымыз — осы.



*Туған хақым — тағдырым*

Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын.



Мемлекетіміздің діңгегі — қазақ халқы. Ел де, жер де — қазақтікі. Ел болудың ұяты да біздің жұрттың мойнында.



*Өзекжарды ойлар*

Менің бірден-бір қалауым, менің үмітім, егер қаласаңыздар, арманым — шамамның келгенінше Қазақстан халқының өзін жан-жақты дамытуы үшін қалыпты, шынайы өркениетті жағдай жасауға жәрдемдесу.



Қазақ та енді үлкен ұлтқа тән төзім мен сабырлы мінез көрсетуі керек.



*Туған халқым — тағдырым*

Рухы еркін халық қана ұлы істерді  
атқара алады.



Ежелден рух еркіндігін ерекше қастер  
тұтқан халқымыздың асыл дәстүрлерін  
жаңа заманға жарасымды жалғастыруы-  
мыз қажет.





*Өзекжарды ойлар*

Біз кешегісі тұлдыр, болашағы бұлдыр  
халық емеспіз.



Қазақтың ұлттық рухы оның ерлігінде  
жатыр.



Өткен жолын жетік білетін қауым алар  
асуларын да айқын елестете алады.



*Туған халкым — тағдырым*

Бабаларын қалтқысыз қастерлей білген халық балаларының болашағын да қапысыз қамдай алмақ.



Қазақ баласының мызғымас та мұқалмас ерлік дәстүрінің тамыры тереңде жатыр.



Қабырғалы халқы болмаса, қандай басшының да тауы шағылмай, тауаны қайтпай қоймайды.



*Өзекжарды ойлар*

Ұлтымыздың өз тамырынан қол үзбей, оған балта шаппай, әрі қарай өсіп-өркендеуіне жағдай жасау — ең үлкен міндеттердің бірі. Нарық қазақтардың ұлттық болмысын бұзбайды, керісінше, оны жаңаша жетілдіре түседі.



Өз халқын сүйген адам ғана оның тағдыры үшін күйе алады.



*Гүган халқым — тағдырым*

Халықтың сенімін ақтаудан артық  
абырой жоқ, болуы да мүмкін емес.



Кез келген мемлекеттің қуаты — хал-  
қында.



XXI ғасыр қазақ халқының жұлдызы  
жанатын ғасыр болатынына сенемін.



*Өзекжарды ойлар*

Қазақ халқы жиырмасыншы ғасырдың бүкіл өн бойында өзге халықтар түсінде көрсе шошып оянардай қасіретті оқиғаларды бастан кешірді. Мен өз халқымның көнбеске көніп, шыдамасқа шыдай алатын қайратына қайран қаламын.



*Туған халқым — тағдырым*

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәттерде бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды.



*Өзек жарды оңтар*

Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты — толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ, осы жолда мен бойымдағы бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай тәуекелге де барамын.



*Туған халқым — тағдырым*

Мен жеткен жеңістерім мен алған асуларымды, ең әуелі туған халқыммен байланыстыруға дағдыланған адаммын. Сондықтан болар, қиналсам да, қуансам да бар-жоғымның сыншысы, ар-намысымның өлшемі тек халқым болсын деп ойлаймын.





*Өзекжарды ойлар*

Құдай қазаққа қырын қарамаған:  
пейіліне сай етіп ұлан-ғайыр жер берген,  
асты-үстін толтырып кен берген, мейірбан,  
ақ көңіл, адал ел берген, жаны үшін малын,  
ары үшін жанын садаға ететін ер берген.



Мен осы халықтың қаны мен жаны-  
нан жаралған перзентпін, сондықтан да  
қиын кезеңде өз мойныма түскен ауыр  
жүкті мойымай көтеруге міндеттімін.



*Туған халқым — тағдырым*

Маған тіл, діл, өмір, тіршілік сыйлаған  
туған халқыма бар есті тірлігімде қарыз-  
дар болып өтемін!



Ұлттың ұлы болмай тұрып, адам-  
заттың перзенті болу мүмкін бе? Мүмкін  
емес!



*Өзек жарды оигар*

Біз қандай қиын-қыстау сындарда да  
өзіміздің жауынгерлік даңқымызға дақ  
түсірмеген халықпыз.

Төртінші  
тарау

---

*Тәуелсіздік -  
тұмарымыз*



*Өзекжарды оилар*

Тәуелсіздік — тарихтың мәңгіге бөліп берген еншісі емес, халықтардың мамыражай өмір сүруіне берілген кепілдік те емес: аңғал болмағанымыз абзал.



Тәуекелі тұратындардың ғана қолы жетпесе, Тәуелсіздік бола ма? Азаппен, арпалыспен келмесе, Азаттық бола ма? Оңайлықпен келсе, оның қадірі бола ма? Қадірі жоқ нәрсе қолда ұзақ тұра ма?

---



*Тәуелсіздік — тұмарымыз*

Алда тұрған сын белестерден білекке — білек, жүрекке — жүрек, тілекке — тілек қоса білсек қана абыройлы өте аламыз.



Тәуелсіздіктің қайта оралғаны — біздің ата-бабаларымыздың сан ғасырлық азаттық күресінің заңды өтеуі. Жаратқан Иенің жасаған әділдігі. Ата-бабаларымыздың осыншама байтақ жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалғанының арқасы.



*Өзекжарды оилар*

Дүниеде тәуелсіз Қазақ елі бар.

Әлемде егемен Қазақстан бар.

Оның көп ұлтты, тату, ынтымақшыл  
халқы бар.

Қуатты экономикасы, сенімді саяси  
жүйесі бар.

Ең бастысы — бүгіннен нұрлы, бүгін-  
нен кемел болашағы бар.

Сол күнге берік сенімі бар!



*Тәуелсіздік — тұмарымыз*

Енді біздің ел атқа қонады: дүйім дүниенің қандай дүбірлі додасына да тайсалмай түсіп, кім-кіммен де жалтақсыз жарысатын болады.



Басқаға жалтақтайтын күннен кеттік.  
Бар байлығымызды өзімізге бұйыратын еттік.

Қоғамның саяси тұрақтылығы мен бірлігіне жеттік.

Қысқасы, егемен ел болудың ең ауыр белесінен өттік.





*Өзекжарды ойлар*

Біле білсек, осы он жылдағы еңбегіміздің ең басты қорытындысы — ел болғанымыз. Ел бола алғанымыз. Біз мемлекет құрдық. Құрғанда да, аты бар да заты жоқ мемлекет емес, бүкіл адамзат танытын, танып қана қоймаған — мойындайтын, құрметтейтін мемлекет құра алдық.



Қазақстанның тәуелсіздігі бейбіт жолмен келді. Бұл — азаттық үшін алысқан мың-мыңдаған азаматтардың қасиетті қанының өтеуі. Бұл — бүкіл тарихында өзгелерге қиянат жасау дегенді білмеген халықтың пейілінің қайтарымы.

---



*Тәуелсіздік — тұмарымыз*

Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек.



Алдымызда асу-асу белдер бар, ұлт жолында ұйтқи соғар желдер бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне көну керек, бәріне төзу керек.



Бүгінгі біздің тәуелсіздігіміздің қайнар көзі — қазақ халқының сан ғасырлар бойғы күресінде, азаттыққа ұмтылған қайсарлығында жатыр.



*Өзекжарды олар*

Бойыңда қаны бар, намысы бар әрбір азамат "Енді тәуелсіздікті қалай кемелдендіреміз, елдің көсегесін қайтсек көгертеміз" деп ой-санасын қамшылауы керек.



Халық кешпейтін бір-ақ нәрсе бар: елдің қолына зарықтырып келіп қонған бақыт құсынан — Тәуелсіздіктен айырылуды кешпейді.



*Тәуелсіздік — тұмарымыз*

Тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешуінен, беттен қағар желінің есуінен тайсалмауға тиіспіз.



Мәселе — қай топтың жеңетіндігінде немесе билік басына кімнің келетіндігінде емес, мәселе — тәуелсіздіктің тағдырында.



*Өзекжарды оилар*

Азаттық жолы ұзақ та тауқыметті.  
Оны баянды ете білу де оңай шаруа емес.



Өтпелі кезеңнің өкпек желі соғар да  
өтер.

Бесінші  
тарау

---

*Ана тілім -  
тынысым,  
ділім, дінім -  
ырысым*



*Өзекжарды ойлар*

Толыққанды тілсіз — толыққанды ұлт  
болуы мүмкін емес.



Ұлттық сана ұлттық тілмен қалып-  
тасады.



Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі — тіл.



*Ана тілім — тынысым, ділім, дінім — ырысым*

Шүкір, ел есін жиды: тілден артық қасиет жоқ екенін кештеу де болса түсіндік.



Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде.



Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін, бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін, бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны құрметтемеудің орны толмас олқылықтарға соқтыратыны сөзсіз.





*Өзекжарды ойлар*

Ана тілі — бәріміздің анамыз, өйткені  
ол — ұлтымыздың анасы.



Ана тілін қадірлеу — әр азаматтың  
перзенттік парызы.



Абайдың сөзі — қазақтың бой-  
тұмары.



*Ана тілім — тынысым, ділім, дінім — ырысым*

Абайдың мұрасы — қазақтың ең қасиетті қазынасы. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қалың елін, қазағын жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді.



Ана тілін армансыз бойға сіңіріңіздер, өйткені бабаларымыздың ғұмыр тәжірибесі, дүниетанымы, мінез-құлқы, өзіндік болмыс-бітімі осы тілде қаттаулы жатыр.



*Өзекжарды ойлар*

Тілге деген көзқарас — шындап келгенде, елге деген көзқарас.



Қиын кезеңдерде ұлтты қожыратпаудың қуатты қаруы болған қазақ тілі — бүгінгі өмірімізде де ұлтты тұтастандырудың тегеурінді тетігі болуға тиіс.



*Ана тілім — тынысым, ділім, дінім — ырысым*

**Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін.**



Ана тіліміз — бізді ғасырдан ғасырға,  
заманнан заманға аман жеткізген бірден-  
бір арымыз да, нарымыз да.



*Өзекжарды олар*

...Дауға салса — алмастай қиған, сезімге салса — қырандай қалқыған, ойға салса — қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?!



Бізге Ана тілімізден асқан тарихи мұра жоқ. Ендеше, оны жан аямай қас-терлеуден асқан биік парыз жоқ.



*Ана тілім — тынысым, ділім, дінім — ырысым*

Әр елдегі қазақ әр елдің тілін мықтап игерсе, ол — білім. Ол шетел тілінде сөйлесе — тіпті жақсы. Бірақ он шетел тіліне орап, ана тілін тұншықтырып, көміп тастаса — ол кешірілмес күнә.



Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған — оның ғажайып тілі.



*Өзекжарды ойлар*

Тарих пен тіл тамырлас.



Діл деген догма емес. Ол да өзгеріске түседі. Әрине, бұл — ұзақ процесс, қиын процесс.



Ғасырлар бойы бірде ерлікке, бірде ездікке тартып келген екі мінез бүгін де бойымызда бар. Жақсы жағын ойдағыдай жалғастырып, сезіне алмадық, жаман жағынан біржолата безіне алмадық.



*Ана тілім — тынысым, ділім, дінім — ырысым*

Өткеннің өнегесі — бүгінгінің баға жетпес байлығы. Алайда төл тарихы тағылымының уызына жарымаған ұрпақ ол байлықты еншілеп, игілігін еркін көре алмайды.



Біз жиырма бірінші ғасырдың қазақтардың шыңдап бағы жанатын ғасыры болуы жолында, қай жағынан да көсегесі көгерген халықтар қатарына қосылуы жолында бәріне де тәуекел ете алуға тиіспіз.





*Өзекжарды ойлар*

Біз етекке жабысқан, ағайынмен алысқан, билік жолында ұлттың ұлы мұраттарын да ұмытып кететін адамдарды айыра білуіміз керек.



Халқына жаны шындап ашитын қайраткер орға жығатын емес, өрге шығатын жол сілтейді.



*Ана тилим — тынысым, дилим, диним — ырысым*

Отаршыл заманды еске салып, халықтың намысына тиетін атауларды да, тілдің төл заңдылықтарын, табиғи үйлесімін бұзып тұрған атауларды да өзгерту керек.



Ұлттық сипатқа айналған дәстүріміз бен дүниетанымымызға сырттан келіп, түзету жасағысы келгендерге жол бере алмайтындығымызды ашық айтамыз.



*Өзекжарды ойлар*

Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, өзін қамшылауға тиісті.



Ұлттық намыс — ұлы ұғым.



Қазір бой жарыстыратын заман емес,  
ой жарыстыратын заман.



*Ана тілім — тынысым, ділім, дінім — ырысым*

Қолымыздан қайрат, санамыздан ақыл кетпесе, жақсылыққа жетеріміз де хақ.



Ұлылардың мұрасы да, мұраты да, атақ-даңқы да, мерейтойы да — кейінгіге үлгі. Ал үлгіге қарап ұрпақ өседі.



Адамның ішкі жан дүниесінің тазалығы мен діни сенімі бір-бірімен тығыз байланысып, қатар жүрері хақ.



*Өзекжарды ойлар*

Діннің тұтастығы — елдің тұтастығы: діни алауыздық ұлттық алауыздыққа апарып соқтырады.



Мұсылман діні мен христиан діні — Қазақстанның рухани дүниесінің қос қанаты.



Жалпы екі заттан — діни фанатизм мен діни көрсоқырлықтан бірдей сақтанған жөн.



*Ана тлім — тынысым, ділім, дінім — ырысым*

Діни фанатизм нанымның кеңдігінен емес, шынайы діни мәдениеттің кемдігінен шығады.



Мен "адам Құдайға жақын болу үшін оған өмір бойы сапар шегуі керек" дегенді жұбаныш етемін.



*Өзекжарды ойлар*

Өзімізді жамандай бергенде, бізге  
жақсылықты кім әкеледі?!



Сөзден жаңылып, ізден адасатын  
ретіміз жоқ.

Алтыншы  
тарау

---

*Тарих -  
тағылымымен  
қастерлі*





*Өзекжарды ойлар*

Тарих — кім-кімнен де жоғары тұрған ұғым.



Тарих — өткеннің сабағы, алдағының кейінгіге өнегесі.



Тарих жолы қашанда тайғақ.



*Тарих — тағылымымен қастерлі*

Өткенге қарап, ертеңді түзе.



Тарих бізбен тоқтап қалмайды.



Өмір де аққан дария сияқты, бір орында тұрмақ емес.



*Өзекжарды ойлар*

Қасиетті қазақ жері — ата-бабаларымыздың даңқты тарихын атының тұяғымен жазып кеткен жер.



Жалпақ жұртыңды, исі алашыңды құрметтеу — алдымен өзің тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, адамдарды ардақтаудан басталады.



*Тарих — тағылымымен қастерлі*

Тарихты елдің азаматтары жасайды.



Қазақ ұлты, басқа қай ұлтпен салыстырғанда да, мемлекеттікке лайық екендігіне сенімдімін. Мұны ол өзінің бүкіл тарихымен дәлелдеп отыр.



*Өзекжарды олар*

Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ.



Ата-бабаларымыз бізге бірліктің, ынтымақтың, тұтастықтың ұлы үлгісін көрсетіп кетті. Қазақстанның арғы-бергі тарихының ең ғибратты тағылымы, міне, осында.



*Тарих — тағылымымен қастерлі*

Қазақтың кең-байтақ жерінде аңызға айналмаған тұс тіпті аз, бәрі де қастерлі өлке, қасиетті мекен.



Өткенді тану, тарихты терең пайымдап, оған әділ баға беру — үлкен парасаттылық пен жауапкершілікті талап етеді.



*Өзекжарды ойлар*

Өткендердің қадірін білу, олардың арман-мүдделерін жалғастыру — адамгершілік парыз ғана емес, қоғамдық дамудың, ілгері басудың негізгі алғы-шарттарының бірі.



Тарихты жеңіл-желпі аңыз сөздердің жиынтығы деп қарайтын адамдар, шынында да, тарихтан тағылым ала алмайды.



*Тарих — тағлымымен қастерлі*

Өткен заманды аңсау емес, тауқыметі мол болса да, өзіңе етене өз тарихыңды қастерлеу қажет.



"Көшпелілер мал жайып өткен жерінің бәрін өздерінікі санай берген" дейтін сандырақты ғылыми тұрғыдан әшкерелеу шарт.





*Өзекжарды ойлар*

Тарихтың тағылымы бізден ел қамын  
ойлар естілікті тілейді.



Мәртебелі болашақ туралы армандай  
отырып, мерейлі өткенімізді де жады-  
мызда сақтағанымыз абзал.



*Тарих — тағылымымен қастерлі*

Адамзат өркениеті — халықтар мен мемлекеттердің тарихи аренаға келуінің, гүлденуінің және одан кетуінің үздіксіз құбылысы.



Атадан қалғанның бәрі бірдей алтын емес.



*Өзекжарды ойлар*

Қазақтың бүкіл тарихы — бірігу тарихы, тұтастану тарихы.

Қазақ — тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық.

Жетінші  
тарау

---

*Бірлік -  
біздің туымыз*



*Өзекжарды оңтар*

Қазақ халқының ынтымағы мен бірлігі мықты болмайынша, мемлекетіміздің тұтастық келбетін сақтау мүмкін емес.



Қазақтың бәрі де бір-біріне ағайын.



Ел бірлігі — ең асыл қасиет.



*Бірлік — біздің туымыз*

Бірлік, ынтымақ, сабырлылық пен парасаттылық, ең алдымен өзімізге — қазақтарға керек.



Бірлік — біздің қасиетті туымыз.



Үдеудің сыры — бірлікте,  
Жүдеудің сыры — алауыздықта.



*Өзекжарды оилар*

Бірлігі жақсының тірлігі тапшы  
болмайды.



Бізді біріктіретін жеке бастың қамы  
емес, бізді ел туралы биік ұғымдар, ортақ  
мүдделер ғана біріктіре алады.



Көршілік хақысы мүдделерді біріктір-  
мей қоймайды.



*Бірлік — біздің туымыз*

Бақ та, тақ та таласқанға бұйырмайды,  
халықтық істе жарасқанға бұйырады.



Біздің бабаларымыз тірі болуы үшін  
бір болған, енді біз ірі болу үшін бір  
болуымыз керек.



Жүзге, руға бөлушілік — қоғамды  
артқа тартатын, ұлт тұтастығына нұқсан  
келтіретін нәрсе.





*Өзекжарды ойлар*

Ауызбіршілік жоқ жерде ешқашан да ұлттық идеялар жүзеге асқан емес.



Қазақты еш уақытта сырттан жау алған емес, ала алған емес, қазақ әлсіресе — алауыздықтан әлсіреген, күшейсе — бірліктен күшейген.



*Бірлік — біздің туымыз*

Елдік тұтастыққа жік түсіретін, ағайын арасын суытатын қадамдардан аулақ болайық.



Қазақ өзімен-өзі тату болмай, өзгемен ешқашан да тату бола алмайды.



Біз Ордабасыны бабаларымыздың бастамасымен баян тапқан берекелі бірліктің құт ұясы деп білеміз.



*Өзекжарды ойлар*

Бабаларымыз өзгелердің төріне шығу үшін өзі де меймандарына қақ төрінен орын беріп, құрмет көрсеткен.



Ендігі жерде біз бәріміз бір атаның — қазақ халқының ұлымыз. Ендігі жерде бәріміздің де туған жеріміз біреу — ол жалпақ Қазақ даласы.



Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды.

---



*Бірлік — біздің туымыз*

Қазақстандағы ұлтаралық жарастықтың негізгі ұйытқысы болу міндетін алдымен осы атамекеннің иесі — қазақ халқы өз мойнына алу керек.



Атырау мен Алтайдың арасындағы альп даланы жайлап жатқанда, мемлекеттің реттеуші тетіктері іске қосылмай тұрған кездің өзінде, ешқашан да, еш жерде де қазақта тайпа мен тайпа тұрмақ, ру мен ру соғысып көрмеген!



*Өзекжарды ойлар*

Ордабасы биігінде бар қазақтың басын қосып, тірі қалу үшін ірі болу керектігін, ірі болу үшін бір болу керектігін ұрпақтан ұрпаққа ұқтырып кеткен үш ұлы биіміз — Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би де — алдымен қазақтың бар баласының азаттықты мұрат тұтуын қамдаған.



Жаулықтың ең үлкені, ең қиыны — ынтымақ үшін ымыраға бара алмау.



*Бірлік — біздің туымыз*

Тайталасу жолы орасан зор сілкініске және сан мыңдаған адам құрбанына әкеліп соғады.



Біз келісім саясаты мен парасатты ұлттық стратегиясыз ешқандай міндеттерді шеше алмаймыз.



Жаңа қоғамға өтудің, қуатты мемлекет құрудың негізгі тетігі — саяси тұрақтылық.



*Өзекжарды ойлар*

Кіммен дос болу, кіммен жақындасу,  
кімнен өзіңді алысырақ ұстау — ұлтты  
сақтаудың кепілі.

Сегізінші  
тарау

---

*Удeология  
өмірдің  
өзінен  
туындайды*





*Өзекжарды ойлар*

Адамзаттың арманы — рухани  
бостандық пен сөз еркіндігі.



Адам мен оның өмір сүру құқығы,  
бостандығы — қоғам дамуының басты  
басымдығы.



Көзсіз көнтерілік те, ессіз күстаналық  
та — бірдей қауіпті.



*Идеология өмірдің өзінен туындайды*

...соғыс ең басты құндылықты — адамның өмірін ұзін түседі. Ал өмірден артық ештеңе жоқ.



Ұлттық идея — идеология жәдігөйлерінің ашқан жаңалығы емес, миллиондаған адамдардың өздерінің ұлттық міндеттерін түсінуінің жемісі болып табылады.



*Өзекжарды ойлар*

Сын сағатта елдігіміз де, ерлігіміз де  
бойымыздан табылуға тиіс.



Кез келген, тіпті ең керемет деген идея-  
лардың өзі, егер оларды жүзеге асыру  
үшін адам қанын, көз жасы мен тақсиретін  
талап етсе, көк тиындық құны болмайды.



*Идеология өмірдің өзінен туындайды*

Менің ойымша, ең жақсы идеология —  
өмірдің өзінен туындайтын идеология.



Шығыстың саяси мүдделері көбіне-  
көп дәстүршіл топтардың қолдауына арқа  
сүйейді.



Саяси элита жалпыұлттық мүдделерді  
білдіру, оны барынша дәл сәулелендіру,  
сөйтін халықтың өзін-өзі танып, бағалау  
дәрежесін көтеру қабілетімен емес, сол  
мүдделерді жүзеге асырудың жолын  
табу қабілетімен де дараланып тұруға тиіс.



*Өзекжарды ошлар*

Қоғамдық дамудың өзіндік ішкі заңдылықтары бар. Экономикада ертеңгі істі бүгін атқарып тастауға болар, бірақ саясатта ертеңгі істің ертең атқарылғаны жөн.



Бір кезде біреулердің еркінің қолжаулығы болған едік, енді тағы біреулердің пікірінің қолжаулығына айналмасақ екен!



*Идеология өмірдің өзінен туындаиды*

Билік үшін күрестегі батылдық пен билік басындағы батылдық екі басқа.



Асықсақ — асығайық, алайда аптықпайық. Бәрі де жөнімен жүрсін.



Ұлттық идеяны ұлттық астамшылық идеясына айналдыру ешбір этносқа да оша берген емес.



*Өзекжарды ойлар*

Бойымыз да, ойымыз да азат болсын.



Әскери қақтығыстардың жосықсыз екенін әлемнің ұғынғанына зор сенім артсақ та, парасатты мемлекет басқа үкіметтердің уәдесіне сеніп қана қоймай, өз елінің қуатына да сүйенетінін ұмытпағанымыз жөн.



*Идеология өмірдің өзінен туындайды*

**Көпұлттылық — қоғамның кемшілігі емес, артықшылығы.**



Адам баласы қай жерде жүрсе де, өмірге шыр етіп түсіп, ана әлдіін естігеннен бастап өзін — қазақпын, орыспын, украинмын, өзбекпін деп сезінеді. Адам бойындағы бұл сезімді қандай аса зор идеологиялық қарумен атқыласаң да, шапқыласаң да құртып жібере алмайсың.





*Өзекжарды ойлар*

Бүкіл кеңестік тарих қолында халықтардың құқыын таптау мен тікелей геноцид қаны бар.



Саяси сүрқияларды адамның көз жасы да, кінәсіз құрбандықтар да тоқтата алмайды.



*Идеология өмірдің өзінен туындайды*

Біз тұрмыстағы ұлтшылдықты, чиновниктік мейірімсіздікті, бұқаралық ақпарат құралдарындағы ойланбай жарияланған мақалаларды назардан тыс қалдырмауға тиіспіз. Бұл жеке-жеке оқиғалар болып көрінер, бірақ ол ауыр зардаптарға да әкеліп соғуы мүмкін.



Ұлт мәселесін шешудің әмбебап әдістері болмайды.



*Өзекжарды ойлар*

Өз қатенді өзің түсініп, өзің түзете біл:  
саясатшы даналығы дегеніміз — осы.



Кеше әлі ерте болған, ал ертең кеш  
болып қалуы мүмкін бір сәттер болады.



Кейде бүгінгі мүмкіндіктердің ертең  
қатерге айналуы немесе керісінше болып  
шығуы да әбден мүмкін.



*Идеология өмірдің өзінен туындайды*

Оңалту үшін кейде оташылдық тәсілді  
де қолдануға тура келеді.



Иә, бүгін бәріміз де қиындықтар  
салмағын сезінудеміз, бірақ қиындықсыз  
кезең болған ба: тарихтың парағы —  
кітаптың парағы емес қой?!



*Өзекжарды оилар*

Идеялық бағдарламалар догмаларға емес, өмір шындығына негізделгені маңызды.



Дүние жаһандық, өзара тәуелділік сипат алды: жаһандық әріптестік үстемдік ету үшін бұл таным біздің берік принципімізге айналуы тиіс.



Мемлекеттік идеологияның бізге аса қажет бір ірі бұтағы, қомақты тармағы — халықты, ұрпақты патриотизмге, отаншылдық рухқа, елді, жерді сүюге, қорғауға жұмылдыру.



*Идеология өмірдің өзінен туындаиды*

Әлсіздің өзіне одақтас болатын күштіні таңдамайтыны — ақиқат, ал өзінен күштіге бағынуға мәжбүр болатынын аңдамайтыны — өкінішті.



Байсалды саясаткер “өзімнің іс-әрекетім баспасөз бетінде нашар баға алып қалуы мүмкін-ау” деген қауіп-қатерден қорықпауға тиіс.



*Өзекжарды оилар*

Реформаларды жақтайтындардың қатарын жаппай көбейту — экономикалық қана емес, идеологиялық та міндет. Бізге қазір жартылай социалистік ұрандардың басын оңды-солды қоса салған қойыртпақ емес, реформашылық идеология керек.



Жол іздеп табар берік білік, терең танымның болмаса — адасуың түк емес.



*Идеология өмірдің өзінен туындаиды*

Кез келген реформа тек күшті өкімет пен көсемдердің саяси еркі арқылы және халықтың барлық топтары қайта құрудың мәнін түсінумен қабылдаған кезде ғана мақсатқа жете алады.



Ең басты міндет, қайталап айтамын: халықтың рухын көтеру. Өзіне деген сенімін арттыру.





*Өзекжарды ойлар*

Зиялылардың саясаткерлер қолындағы ойыншыққа айналуға хақысы жоқ. Зиялылар саясаткерлерге қарағанда анағұрлым арғы келешекті болжауы керек.



Тұрақтылық саяси мәселелерді шешудің күшке негізделмеген тәсілдеріне сүйенгенде ғана сақталмақ.



*Идеология өмірдің өзінен туындайды*

Саясаттың негізгі мақсаты — адам қамы, қоғам қамы, ел қамы.



Саясат безбеншісі — ел.



Саяси мұрат пен саяси ақиқаттың орнын алмастыру әлі бұғанасы бекіп, қабырғасы қата қоймаған жас мемлекеттің шаңдырағын шайқалтар шатқалаңдарға ұрындыруы мүмкін.



*Өзекжарды ойлар*

Өзгелердің тек қатесінен ғана емес,  
жетістіктерінен де үйренген жөн.



Біз өзіміздің арғы, бергі ата-баба-  
ларымыздың жүздеген буынының  
қалдырған өсиетін ақтап, мұраларын  
сақтап, молайта беру жолында топтасуға  
тиіспіз.



*Идеология өмірдің өзінен туындайды*

Әлеуетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Не істесек те, ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік.



Нақақ көз жасы мен нақақ төгілген қан ешқашан да ұмытылуға тиіс емес.



*Өзекжарды ойлар*

Қауесет деген қара күйе сияқты:  
күйдірмейді, күйелейді.



Проблеманы анық көре білу қажет,  
одан түйеқұс секілді "құтылуға" болмай-  
ды.



*Идеология өмірдің өзінен туындайды*

Жұмыс істемесең, қателік те жасамай-  
сың. Жұмыс барысында, өмір болған соң,  
кемшілік болмай тұрмайды.



...жай жүрсең — қасірет қуып жетеді,  
асықсаң — қасіретті қуып жетуің мүмкін.



*Өзекжарды ойлар*

Теңізде дауыл тұрғанда түбіндегі  
қоқыстың бәрі судың бетіне шыға келеді.



Ақыл табылмай тұрып, ештеңе де  
табылмайды.



*Идеология өмірдің өзінен туындайды*

Терроризммен күреске елігіп, елдер мен халықтарды "тас ғасырына" қуып тығу арқылы біз "терроризм" ұғымын келмеске кетірудің орнына, тек қана ұдайы жандандыратын боламыз.



Тарихтың соншама бай, сан қырлы болып келетіні сияқты, танымның жолы да сан тарау.





*Өзекжарды ойлар*

Намыссыз азамат өзгелер түгілі өзінің  
көсегесін де көгерте алмайды.



Бақыт — бағасын білгеннің ғана  
басында тұрады.

ТОҒЫЗЫНШЫ  
тарау

---

*Таңдауымыз -  
демократия*



*Өзекжарды ойлар*

Құқық жоқ жерде — бостандық та,  
демократия да жоқ.



Демократия жарлықпен орнатылмай-  
ды.



Демократия мен әсіре демократия —  
екі басқа ұғымдар.



*Таңдауымыз — демократия*

Мен тирания мен авторитаризмді жан-тәніммен жек көремін. Бірақ демократияны да асыра бағалағым келмейді. "Неғұрлым көптің сөзі — солғұрлым әділ шешім" деуге бейім тұратын сыңарезуліктен сескенемін.



Біздің демократиямыздың негізі — саяси, әлеуметтік және ұлтаралық келісім.



*Өзекжарды ойлар*

Демократия — оппозиция қызметіне жол ашу ғана емес, мемлекеттіліктің бір нысаны, қоғамдық-саяси өмір ахуалының бір деңгейі.



Демократияның әдемі тонын жамылып, айнала бере өзгенің қолымен от көсеп, өтірік өзеуреп, жүгенсіздікке жол беру, қоғамды бейберекеттік пен қылмыстың көк тұманына батыру — өзің отырған бұтақты балталаумен бірдей.



*Таңдауымыз — демократия*

...мен тәртін диктатурасы, дәлірек айтқанда, ұлы мәртебелі Заңның диктатурасы салтанат құрғанын қалаймын!



Әлем алуан қырлы, оның тартымдылығы да осында: ішкі мәні бірдей бола тұрғанымен, демократияның бірдей нысандары жоқ, әр ел міндетті түрде өзіне тән бір ерекшелік қосады.



*Өзекжарды ойлар*

Бәрі де кезең-кезеңімен, жөнімен, жолымен, қоғамдық дамудың деңгейін жан-жақты ескере отырып жүргізілуі керек. Ең бастысы — ел өмірін демократияландыру эволюциялық жолмен жүзеге асырылуы шарт.



Конституция — кемел келешектің кепілі.



*Таңдауымыз — демократия*

Сайлаудың билікке лайықты адамдардың келуіне көмектесетіні рас, бірақ оның қоғамды биліктен әлдеқайда аулақ жүргені жөн кездейсоқ адамдардан қорғауға ешқандай кепілдік бере алмайтыны да ақиқат.



Парламент — саяси мәміле мектебі.





*Өзекжарды оилар*

Анық көзім жеткені: билік басындағылардың популизмі де билік басындағыларға қарсылардың популизмінен кем қауіпті емес.



Егер қоғам билікті тек оның сыртқы әлем-жәлемі үшін ұнататындарға сеніп қалса, оңбай қателеседі.



*Таңдауымыз — демократия*

Адам еркін болмайынша — қоғам еркін болмайды. Қоғам еркін болмайынша — ой еркін болмайды. Ойың еркін болмайынша — ісің алға баспайды.



Адамзат өркениеті экономикада — шаруашылық жүргізудің нарықтық тәсілінен, саясатта — демократиядан, идеологияда пікір алуандығынан тиімді еш нәрсе таба алған жоқ.



*Өзекжарды оилар*

Тек еркін де демократиялық қоғам ғана біздің таяу болашақтағы тұрақтылығымыз бен бақытты өміріміздің кепілі бола алады.



Тарих тәжірибесіне көз жүгіртсек, қандай болмасын демократияңыз елдік мінезге, халықтық қалыпқа, мемлекеттік тәртіпке бой ұсынып отырған. Осы үш нәрсе бойынан табылмаған жерде, демократияның күлі көкке ұшып, демагогияның құбыжығына айналуы күмәнсіз.



*Тандауымыз — демократия*

Оппозиция — демократияның бір белгісі.



Мен былай дер едім: егер саяси оппозиция болмаса, онда оны болдыруға тырысу керек.



...мен сындарлы пікір айтатын дұрыс тұрпаттағы оппозицияшыларды құттықтауға, қолдауға әрқашан әзірмін.



*Өзекжарды ойлар*

"Егер де өзім бүгін заңға қайшы келсем, заңға қарсы шықсам, онда ертең құқығым табанға басылған кезде менің сол құқығымды кім жақтайды, кім қолдайды?" деп ойлау керек.

Оныншы  
тарау

---

*Әңбегін  
елменнің  
есесі  
түзел*



*Өзекжарды ойлар*

Адам атына лайықты өмір сүрудің, дәулетті тұрудың мына заманда нарықтан басқа жолы жоқ. Өйткені ол адамды өзін-өзі қамшылауға, жанын жеп жанталасуға мәжбүр ететін, сөйтіп оның бойынан тың қуат табуға итермелейтін жол.



Қазір ынтымақтасу мен іскерлік кезеңі. Қазір адамдардың өмірін жақсартуға бағытталған шағын қадамның өзі шалқыған даңғаза үраншылдық пен үдере үндеушіліктен әлдеқайда маңызды.



*Еңбегін емгеннің есесі түгел*

Адам мәңгі жасамайды, мәңгі жасайтын — оның ісі.



Адамның әр ісі — жасаған барлық жақсылығы мен жамандығы — кейінгі ұрпақтар тарапынан әділ бағасын алмай қоймайды.



Экономикалық бостандықсыз саяси бостандық та болмайды.





*Өзекжарды ойлар*

Мен әлдебір әдемі қысындардан гөрі  
ақылға қонымды қарапайым істерді  
әлдеқайда артық санаймын.



Бізге ұлттық буржуазия керек. Ұлттың  
қалталы адамдары қалыптаспайынша, көп  
істің қиюы келмейді. Ұлттық буржуазия  
пайда болса, мемлекет мүддесін ойлайтын  
адамдар көбейер еді.



*Еңбегін емгеннің есесі түгел*

Адамдарға ақыл-парасат өз өмірін  
жақсарту үшін берілген.



Еңбек ет, өзіңді, отбасыңды асыра, бала-  
шағаңның қамын ойла: өзіңе де жақсы,  
үкіметке де жақсы.



Ұмтылсаң — ұтарсың.



*Өзекжарды ойлар*

Тапқаныңды ғана тарата аласың,  
қолыңда барыңды ғана бөліске саласың.



Экономикалық дәулетіміз артпайынша,  
рухани сәулетіміз де артпайтынын анық  
ұғынуымыз қажет.



Адамдар елдің өмірі қалай өзгеріп  
жатқанын өздерінің тұрмыс-тіршілігінен  
байқайды.



*Еңбегін емгеннің есесі түгел*

Нарық — ебі жоқтың ғана еншісін алып, құтын қашырады, ал алғырдың, амалшыл адамның несібесін асырады.



Ат төбеліндей ауқаттылар тобы қалың кедейлер тобынан тым шырқап оқшауланып кеткен қоғам гүлденіп-дамымақ түгіл, өмір сүрудің өзіне қабілетсіз болып шығады.



*Өзекжарды ойлар*

Сен үшін шенеунік шешім қабылдайтын қоғам — келмеске кеткен қоғам.



Әркім өзінің игілігіне еңбек етсін, сонда мемлекеттің де игілігі артады.

Он бірінші  
тарау

---

Бесігіміз  
тузелмей,  
Несібеміз  
артпайды



*Өзекжарды оилар*

Әйел — өмір тірегі ғана емес, әйел — өмірдің өзі.



Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман елдерінде әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасты қатты қастерлейтін халықтың бірі де, бірегейі де — біздің қазақ.



*Бесігіміз түзелмей, несібеміз артпайды*

Әйел өзін сенімді сезінген жерде — отбасы да берік, балаларының болашағы да жарқын.



Жер бетіндегі жақсылық, ізгілік, қайырымдылық атаулының бәрі де ананың ақ сүтінен тарайды.



Әйел — бесік иесі. Демек, әйелдің жайы түзелмей — бесігіміз түзелмейді, бесігіміз түзелмей — еліміз толық түзелмейді.





*Өзекжарды ойлар*

Әйелдің жағдайы қандай болса  
қоғамның жағдайы да сондай болады.



Қоғамның даму барысын өмірде —  
нәзік, көңілде — биік, ал істе — мығым  
әйелдер қауымынсыз көзге елестету  
мүмкін емес.



Әрбір шаңырақ ұрпақты болсын,  
ырысты болсын, ырысы жұртқа жұғысты  
болсын!



*Бесігіміз түзелмей, несібеміз артпайды*

Жаңа құндылықтар жастардың жүрегіне тезірек жол табады.



Кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады.



Еңсесін енді көтеріп келе жатқан біздің еліміз үшін дарынды ұрпақтың орны мүлде бөлек.



*Өзекжарды ойлар*

Домбыра үніне ұйымаған, жусанды  
даланың иісін аңсамаған қазақты қазақ  
деп айтудың өзі қиындау.



Жаңа үйдің берекесі қабырғасының  
қиюымен емес, сол үйдегі теңнің жиюы-  
мен, демек, отбасындағы сыйластықпен,  
татулықпен кіреді.



*Бесігіміз түзелмей, несібеміз артпайды*

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.



Егер сыпайылық адам көркі десек, ол дарынды жастарды одан әрі көріктендіре түседі.



*Өзекжарды ойлар*

Біздің жастарымызға мақсаткерлік, болашаққа деген шүбәсіз сенім, мойымас жігер, кез келген істі қолға алуға деген құлшыныс тән.



Жастарымыз салт-дәстүрімізді көздің қарашығындай бағып жүретін, көптің көкейіне үміт отын жағып жүретін, адамзаттың озық ой көгінде ағып жүретіндей болуы тиіс.

Он екінші  
тарау

---

*Мәдениеті  
өскен ел -  
өркениетке  
көшкен ел*



*Өзекжарды ойлар*

Өзіндік тәл мәдениетін құрған бірегей көшпелі өркениет бүгінгі күні әлемдік өркениеттер Олимпінен заңды түрдегі орнын иеленіп отыр.



Еуразияның ең бір бай да бірегей мәдениеті — қазақ мәдениеті.



*Мәдениеті өскен ел — өркениетке көшкен ел*

Интеллигенция — ұлттық мүдденің  
шын жоқшысына айналған әлеуметтік топ.



Шынайы ұлттық сана жоқ жерде  
ұлттар мен өзге ұлттық мәдениеттерді  
шынайы құрметтеу де мүмкін емес.





*Өзекжарды ойлар*

Мәдениет деген ұғым аясында адам онсыз өмір сүре алмайтын аса нәзік құбылыстар тоғысқан.



Мәдениет — ең алдымен жәдігерлік. Оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші — зиялы қауым.



*Мәдениеті өскен ел — өркениетке көшкен ел*

Ғылым әлемдегі жаңалық атаулының  
бәріне ашық та зерек болуға тиіс.



Кез келген мәдениеттің, кез келген  
өркениет пен дүниетанымның өмір сүруге  
және өзіне қастерлі көзқарас болуына  
деген заңды құқығы бар. Бұл — адамзат  
тарихының барысы айқындаған болмыс.  
Онымен санасу керек.



*Өзекжарды ои лар*

Біз әлемдік мәдени құндылықтармен  
үндес жаңа заманғы қазақтың озық  
мәдениетін қалыптастыруымыз керек.



Рухани құндылық, биік адамгершілік  
жоқ жерде үлкен өркениет орнату мүмкін  
емес.



*Мәдениеті өскен ел — өркениетке көшкен ел*

Талант — Жаратқанның сыйы ғана емес, сонымен бірге өзіңнің алдындағы, қоғам мен Отан алдындағы жоғары жауапкершілік те.



Жаңа құндылықтар жастардың жүрегіне тезірек жол табады.



*Өзекжарды ойлар*

Дүние-байлық пен жан байлығы сәйкес келгенде ғана бүкіл адамзат мұрат еткен саналы қоғам құруға болады.



Алға қарайтын кез келді. Іске кірісер кез келді. Ерік-жігерімізді танытатын кез келді. Өмірді өзгертетін кез келді.



*Мәдениеті өскен ел — өркениетке көшкен ел*

Өз алдымызда, болашақ ұрпақтың алдында адал болайық, уақыт пен ел тағдыры үшін жауапкершілігімізді ұмытпайық!



Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игіліктерді сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекеттігімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілу міндеті тұр.



*Өзекжарды ойлар*

Адам уақытқа өкпе артпауы керек.  
Рас, уақыт қиын. Бірақ уақытты  
таңдамайды, онда өмір сүреді.



Басыңдағы бақытты бағалай алу үшін  
оның қадір-қасиетін толық танып-білуің  
қажет.



Айқайшыл күшіңмен емес, игілікті  
ісіңмен таныл.



*Мәдениеті өскен ел — өркениетке көшкен ел*

Ең бастысы — адам факторы: оның еркі, күш-жігері, табандылығы мен білімі. Өркендеп даму мен тәуелсіздікке аттар табалдырықтың алтын кілтін де осы шамадан іздеген жөн.



Жаһандық тәжірибенің күнгейінен ғана емес, көлеңкесінен де тағылым алу керек.





*Өзекжарды ойлар*

Біз елеулі түрде артта қалып қойдық, сондықтан асығуға тиіспіз. Біз мейлінше ширығып, әлемді қуып жетуге мәжбүрміз.



Ештеңе де өзінен-өзі аспаннан аяғы салбырап түсе қалмайды. Өсу, тұрақты даму жағдайына жету үшін де белгілі бір кезеңдерден өту қажет. Оларды ешқашан да аттап кете алмайсың.

**ББК 66.3(2каз)**

**Н 17**

**Назарбаев Н.Ә.**

**Н 17 Өзекжарды ойлар.** — Алматы: “Мектеп” баспасы”  
ЖАҚ, 2003. — 172 бет.

ISBN 9965–16–517–3

Бұл кітапқа Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбектеріндегі, баяндамаларындағы, алқалы жиындар мен әр түрлі кездесулерде сөйлеген сөздеріндегі қанатты қағидалары қамтылып, пайымды пікірлері топтастырылған.

Сондай-ақ бұл кітап 2001 жылы жарық көрген “Туған елім — тірегім” жинағының заңды жалғасы іспетті. Тың туынды Елбасының өмірдің сан-саласын қамтитын ой тербеген орамдарымен толықтырылған.

**ББК 66.3(2каз)**

ISBN 9965–16–517–3

**Н**  $\frac{0803010200-003}{404(05)-2003}$  қос. шеш. — 03

## МАЗМҰНЫ

Жасампаз жүректің жан сыры	3
Бірінші тарау	
Туған елім — тірегім	5
Екінші тарау	
Туған жерім — тұғырым	25
Үшінші тарау	
Туған халқым — тағдырым	33
Төртінші тарау	
Тәуелсіздік — тұмарымыз	53
Бесінші тарау	
Ана тілім — тынысым, ділім, днім — ырысым	63
Алтыншы тарау	
Тарих — тағылымымен қастерлі	81
Жетінші тарау	
Бірлік — біздің туымыз	93
Сегізінші тарау	
Идеология өмірдің өзінен туындайды	105
Тоғызыншы тарау	
Таңдауымыз — демократия	131
Оныншы тарау	
Еңбегің емгеннің есесі түгел	143
Он бірінші тарау	
Бесігіміз түзелмей, несібеміз артпайды	151
Он екінші тарау	
Мәдениеті өскен ел — өркеннетке көшкен ел	159

**НАЗАРБАЕВ НҰРСҰЛТАН ӘБШҰЛЫ**

## ӨЗЕКЖАРДЫ ОЙЛАР

*Құрастырушылар*

**Қасымбеков Махмұт, Әлімқұлов Қадыр, Әлібеков Әбдімүтәл**

*Редакторы* **З Башбаева** көркемдеуші редакторы **Ж Болатбаев** техникалық редакторы

*К Тұрғымбетова*, корректоры *Р Көшкінова* компьютерде беттеген *М Құрманбаев*

**ИБ № 8647**

Басуға 07.06.03 қол қойылды. Пшшм 70x100<sup>1</sup>/<sub>3</sub>. Офсеттік қағаз. Қарип түрі "Academykaz"  
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 5375. Шартты бояулы беттанбасы 14185. Есептік  
баспа табағы 176. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 078.

Мектеп баспасы ЖАҚ 480009 Алматы қаласы Абай даңғылы 143

Қазақстан Республикасы Атамұра корпорациясының Полиграфия комбинатында  
басылды 480002 Алматы қ. М.Мағатаев к. 41 үй